

ҚОСТАНАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ
ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТІ
Жас мұғалім Мектебі

САБАҚТЫҢ МАҚСАТТАРЫН АНЫҚТАУ ҮШІН
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕПІЛДЕМЕЛЕР МЕН КЕҢЕСТЕР

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ – бұл, оқытушы мен оқушы әрдайым ынталанып тұратын және сабақтың сонында жетілдіретін, оқытушымен алдын ала жоспарланып қойылған нәтиже.

ҮШ БІРЛІК МАҚСАТ - бұл мақсат үш аспектен құрылады: танырлық, дамыту, тәрбиелеу.

МАҚСАТ ҚОЮ – бұл келесі алгоритмда жүзеге асатын қисынды-конструкциялық операция: жағдайдың талдалуы – тиісті нормативті құжаттарының есебі – бар қорларын анықтау – мақсаттарды тұжырымдау.

Сонымен, сабақтың мақсатын анықтау үшін, оқытылатын тақырып бойынша оқушылардың БІД-ның нормативті талаптарын, тақырыптың мазмұнын, оның оқулықта берілуін, пәнаралық байланыстарының рөлін, тақырыптың дидактикалық қамтылуын; оқушылардың базалық БІД-ның деңгейін алдын ала талдау қажет.

Егер мақсаттар нақты анықталмаса немесе оқытушының өзі мақсатқа жету жолдары мен тәсілдерін дұрыс білмесе, сабақ нәтижелі болмайтыны анық.

ҚАЛЫПТСТЫРУ – Бір факторлар әсерімен қалыптасу процесі.

ДАМЫТУ – сапалы және есептік өзгерістерінің процесі мен нәтижесі.

ТӘРБИЕЛЕУ – тұлғаның айқын түрін қалыптастыру.

БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТЫ
(танымдық, оқыту, дидактикалық)

Білім беру мақсаты оқушылардың ғылыми білім жүйесін, жаңа түсініктерін, қимыл тәсілдерін және т.б. қалыптасуын шамалайды. Бұл сабақтың негізгі және айқын мақсаты, ол барынша нақты болу тиіс.

Білім беру (дидактикалық) мақсатынан оқу сабағының түрі анықталады: жаңа материал оқыту; жаңа біліктіліктер мен дағдыларын қалыптастыру; білім, біліктілік пен дағдыларын бекіту; алған білімдерін жүйелеу және қорыту; БІД-ын практикада қолдану; БІД-ын түзету және бақылау. Аралас түріндегі сабағында білім беру мақсатының бір нешеуі болу мүмкін.

БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ: :

- ❖ *қалыптасуын қамтамасыз ету (бекіту, маңыздандыру, қайталау, қолдану, қорыту және жүйелеу және т.б.) білімдерді (біліктілерді, дағдыларды, әрекет тәсілдер)...*
- ❖ *негізгі түсініктердің қалыптасуын, ұсныстарын қамтамасыз ету; заңдарды, қасиеттерді, теорияларды, ғылыми фактілерді, ерекшеліктерді түсіну...*
- ❖ *білім, біліктілік және дағдылардың бақылауы мен түзетуін өткізу...*

ДАМЫТУ МАҚСАТЫ

Дамыту мақсатына байланысты:

- Ойлау қабілетінің дамыуы (аналитикалық ойлау – маңызды белгілер мен қасиеттерін бөле алу; синтезиялайтын ойлау – бір тұтастың бірлескен, жалпы белгілерін анықтай алу, оқытылған материалын жоспарлау; аналитикосинезиялайтын ойлау – фактілерді топтастыра алу, қортынды нәтижелерін жасау; абстракциялық ойлау – жалпы және маңызды белгілерін анықатай алу, маңызды емес белгілерін көріп, оларға көңіл бөлмеу және т.б.)
- Танымдық біліктіліктерін дамыту (жоспар, тезистер құрастыра алу, конспект жүргізу, байқау, тұжырым жасау; жартылай-іздеу және іздеу танырлық қызмет ете алу – гипотеза қою, мәселені анықтау, оның шешілу жолдарын табу).
- Жалпы еңбек және политехникалық біліктіліктерін дамыту (операциялық-бақылау – приборлармен, құрал-аймандармен пайдалана алу, жоспар құра алу, реттей алу, қажетті темппен жұмыс істей алу, істелген әрекеттерінің нәтижелерін бақылау және бағалау).
- Ерік пен дербестігін дамыту (ынтасын, өз күшіне сенімділігін, табандылығын, қойылған мақсатына жету үшін қиындықтарды жеңу, өзін-өзі ұстау қасиеттерін дамыту).

ДАМЫТУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ:

- ❖ *Оқушылардың коммуникациялық қасиеттерін дамыту (диалог жүргізе алу, оппонентті тындау, өз ойын дәлелдеу, қайшылықтарды шешу, басқаның растығын қабылдау және т.б.).*
- ❖ *Оқушылардың рефлексиялық қасиеттерін дамыту (ойлана алу, өзін-өзі байқау және өзін-өзі таңу, өз істерін, қылықтарын түсіну және бағалау).*
- ❖ *Оқушылардың логикалық ойлауларын дамыту.*
- ❖ *Оқығаларды, фактілерді, құбылыстарды, процесстерді түсіндіруіне аналитикалық көзқарасының дамытылуы.*
- ❖ *Оқығалардың клиникалық талдай алуын, себеп-салдар байланыстарын белгіле алуын дамыту.*
- ❖ *Клиникалық ойлауын дамыту (субъективті және объективті деректерді ассоциациялай алу және бұд деректер кешенін есте сақталған әр түрлі аурулар «образдарымен» салытыра алу қасиеттерін.)*
- ❖ *Ойлаудың өздік болуын дамыту.*
- ❖ *Оқу-зерттеу, іздеу біліктіліктер мен дағдыларын дамыту.*
- ❖ *Түпдеректермен, оқу және анықтама әдебиетімен өздік жұмыс істей алуды дамыту.*
- ❖ *Дербестікке ұмтылуын, оқу және басқа қызметінде жақсы нәтижелерге жетуін дамыту.*

ТӘРБИЕЛЕУ МАҚСАТЫ

Тәрбиелеу мақсаты оқушылардың тұлғалық қасиетін және мінез-құлқын қалыптастыру.

Сабақта оқушы мындай адамгершілік объектерімен байланысқа түседі:

- адамдар (адамгершілікті, жолдастықты, адалдықты, мейірімдікті, сыпайлықты, тәртіптікті, жауапкершілікті, әдептілікті, бірлестікті, өзара түсіністікті, бір-бірін құрметтеушілікті қалыптастыру);
- «Өздік» қасиет (өз-өзіне талап қоя білу, сыпайлық, өз оқу еңбегіне қатынас, жинақтылық, ниеттілік, жауапкершілік және адалдық, тәртіптік, тәптіп мәдениетін, өзіне сенімділік қасиеттерін ұстау);
- қоғам және ұжым (борыш, еңбекқорлық, бірлестік, ниеттілік, бірін-бірі қутқару, бір нәрсеге ұқыппен қарау, адамгершілік және құқық нормаларға сай тәртіп сақтауына дайын болу және т.б. сезімдерін қалыптастыру);
- еңбек (үй тапсырмасын орындауға жауапкершілікпен қарауды, жұмыс орының дайындауды, тәртіптік пен ұқыптылықты, ынтаны, жұмысқа қабілеттілікті қалыптастыру);
- Отан (елдің жетістігіне мақтанышпен қарау, отансүйспеншілік, интернационализм, бірлестік сезімін дағдыландыру, дүние тану көзқарасты, заң мен дәстүрлерді құрметтеуін қалыптастыру).

ТӘРБИЕЛЕУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ:

- ❖ *Танымдық қызметінде мақсаттылықты тәрбиелеу, қалап алған мамандығын жақсы көруді үйрету.*
- ❖ *Оқу еңбегінің процесінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.*
- ❖ *Тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерін тәрбиелеу: ұқыптылық, шоғырланушылық, жауапкершілік.*
- ❖ *Жеке, топпен, ұжымда табысты жұмыс істеу қасиеттерін тәрбиелеу.*
- ❖ *Қаралушылармен және әріптестермен этика және деонтологиялық қатынас дағдыларын қалыптастыру.*
- ❖ *Отансүйіспеншілікті, интернационализмді, бірлестікті, дінге еріктілікті, заңсақтаушылықты және т.б. тәрбиелеу.*
- ❖ *Этикалық көзқарас тәрбиелеуін қолдау.*
- ❖ *Сабақ процесінде оқушының өзін таныту үшін жағдай тудызу.*
- ❖ *Өз күші мен мүмкіншілігіне сенуді, қиыншылықтарға төзу қасиеттерін қалыптастыру.*